

## Капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 336. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 30 шілдеде N 340 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 113 (V053576) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі  
Ұлттық комиссиясымен  
келісілген  
30.12.96 ж.  
N 164

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
қаулысымен  
бекітілген  
31.12.96 ж.  
N 336

Капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың және кейіннен сатудың (сатып алу-сатудың) осы Ережеде көзделген негіздемелері мен шарттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 48-бабының 1-тармағының "г") тармақшасында көзделген негіздемелер болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, осы банктердің депозиторлары мен кредиторларының мүдделерін қорғау және мемлекеттік банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қолдана алады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы процедура шенберінде қабылдайтын шешімдердің мәнінен туындаитын мәмілелерге қатысуышылар үшін қосымша шектеулер мен талаптар белгілейді.

### I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже капиталының теріс мөлшері бар банктің (бұдан әрі - "банк") акцияларын Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі "Ұлттық Банк") сатып алу бағасы бойынша мәжбүрлеп сатып алу және кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға)

сату тәртібін белгілейді, ал жаңа инвестор (инвесторлар) банктің өз капиталын Ұлттық Банк (бұдан әрі "қайта капиталдандыру") белгілеген талаптарға сәйкес жеткілікті деңгейге дейін көтеріп, қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес оның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ банктің сатып алынатын акцияларына меншік құқығын өзгерту негіздемесі мен шарттары болуы керек.

2. Банктің құрылтай құжаттарына, банк акциялары және олармен жасалатын мәмілелер туралы есеп деректеріне өзгертулер тиісті мемлекеттік органдарда осы Ережеде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып енгізіледі.

3. Банке екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге сәйкес бекітілген қайта капиталдандыру және оның қызметін жақсарту жоспары бар болса, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу және оларды жаңа инвесторларға сату процедурасынан кейін банк Ұлттық банктің қарауына қайта капиталдандыру және қызметін жақсартудың қайта ресімделген жоспарын жаңадан ұсынуға міндettі.

## **II. Банктің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сатудың негіздемелері мен шарттары. Инвесторға қойылатын талаптар**

4. Банк акцияларын жаңа инвесторға (инвесторларға) сату мақсатында мәжбүрлеп сатып алуын банктің капиталы мүлде болмаған жағдайда (капиталдың теріс мөлшерінің болуы) олардың пруденциалдық нормативтерді немесе міндettі түрде сакталуы тиіс басқа нормалар мен лимиттерді үнемі (12 күнтізбелік ай ішінде қатарынан үш немесе одан да көп рет) бұзған кезде Ұлттық Банк жүргізді.

5. Ұлттық Банк банк ұсынған деректер негізінде банк капиталының мөлшерін Ұлттық банк белгілеген банктің өз капиталының есеп айырысу әдістемесіне сәйкес белгілейді. Бұл орайда банк акцияларының бағасын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі банк капиталының мөлшерін ескере отырып, Ұлттық Банк белгіледі. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31**

**. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

6. Заңды немесе жеке тұлғалар - банкті қайта капиталдандыру үшін жекелей немесе бірлескен түрде жеткілікті ақшасы бар Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері банктің жаңа инвесторлары бола алады.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

7. Банк акцияларын сатып алуға мүдделі тұлға (тұлғалар) банк

құрылтайшысына қолданылып жүрген банк зандарында ұсынылған талаптарды  
қанағаттаңдыруы тиіс.

8. Жаңа инвестордың банк акцияларын сатып алу ниеті мен мүмкіндігін  
растайтын өтініші негізінде, оған инвестордың (инвесторлардың) банк  
акцияларын сату мен онда (оларда) банкті қайта капиталдандыру үшін жеткілікті  
ақшасы бар екенін растайтын құжаттар туралы өтінішімен қоса, банк акцияларын  
мәжбүрлеп сатып алу және оларды сату туралы шешімді Ұлттық Банк  
Басқармасы қабылдауды.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31  
. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

**III. Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды  
сатуды жүргізу процедурасы. Жаңа инвесторга  
сатқан кездегі банктің бағалы қағаздарының  
мәмілелерін ресімдеудің ерекшеліктері және банктің  
құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу**

9. Осы Ереженің 6 және 8-тармағындағы жағдайларға қанағаттанған әлеуетті  
инвестор банктің барлық акцияларын сатып алу ниеті және банкті қайта  
капиталдандыруды қоса, қаржылай сауықтыруды қамтамасыз ету туралы Ұлттық  
Банкке өтініш беруге құқылы.

Бір банкке акционер болуға тілек білдірген екі немесе одан да көп  
инвесторлар банк акцияларын сатып алу туралы өтініш берген жағдайда олардың  
әрқайсының банк акцияларын сатып алардағы және акция үшін, сондай-ақ  
банктің қайта капиталдандыру үшін төлейтін ақша сомасындағы үлесін  
анықтайтын өзара жасасқан келісімді ұсынулары қажет.<\*>

Осы мәселе бойынша инвестор-занды тұлғаның атынан Ұлттық Банкке  
өтініш беру құқығы тек олардың бірінші басшысына немесе осы өкілдікке тиісті  
үәкілдік берілген өкіліне (осы мәмілелеге немесе өкілдікке нотариалды  
куәландырылған сенімхаты бар болған жағдайда) беріледі.

**ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31  
. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

10. Өз қаржысына банкті инвестициялауға және оның акционері болуға тілек  
білдірген тұлғамен Ұлттық Банктің келіссөз бастауы үшін міндетті шарттар  
олардың жария болмауы, сондай-ақ коммерциялық және банк құпиясын сақтау  
жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдауы болып табылады. Қажетіне қарай  
Ұлттық Банк банкті қайта капиталдандыру үшін керекті соманы не оның бір  
белігін инвестордың (инвесторлардың) Ұлттық Банктің жеке шотына депозит  
түрінде енгізуін талап етуге құқылы.

11. Келіссөз басталғанға дейін инвестор Ұлттық Банкке, банк құрылтайшылары үшін қолданылып жүрген банк заңдарында белгіленген күжаттардың толық пакетінен басқа, таяудағы екі жылда банктің қаржылық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың нақты жоспарын ұсынуға міндетті.

12. Акцияларды жаңа инвесторларға сату мақсатында оларды мәжбүрлеп сатып алу туралы келіссөздер жүргізу мүмкіндігі туралы мәселені Ұлттық Банк оңтайлы шешкен жағдайда жария етпеу және коммерциялық (банктік) құпияны қамтамасыз ету туралы бұрын жасалған Келісімде көрсетілген мүдделі тараптарға келешекте жасалатын мәмілелердің шарттарын бірлесіп қарай бастау жөнінде жазбаша хабарландыру жіберіледі.

13. Инвесторлардың ұсыныстары қабылдаған жағдайда Ұлттық Банк бұл жөнінде оған банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың барлық негізгі шарттарын, оларды сатуды және мәмілелерді қамтамасыз етуді енгізе отырып, сатып алу-сату шартын жасайтын мүдделі тарапқа (тараптарға) хабарлайды.

14. Сатып алу-сату шартында оның Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісілуге тиіс екені және Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен сәттен бастап қана күшіне енетіні қарастырылуы керек. Бір жағынан Ұлттық Банкпен, екінші жағынан мәмілеге қатысушы тұлғалармен банк акцияларын сатып алу-сату туралы ұсынылған келісім негізінде банк акцияларын Ұлттық Банктің мәжбүрлеп сатып алуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің жазбаша келісімін алған жағдайда осы мәселе банктің қаржылық жағдайы туралы Банктік қадағалау департаментінің қорытындысымен бірге Ұлттық Банк Басқармасының қарауына

Ұ с ы н ы л а д ы .

15. Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алуды және кейіннен оларды сатуды ресімдеу акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы Ұлттық Банктің шешім қабылдауы және Ұлттық Банк Басқармасының жаңа инвесторға (инвесторларға) банк акцияларын сату туралы жеке шешім қабылдауы жолымен жүргізіледі. Бұл орайда банк акцияларын сатып алу-сату туралы келісім Ұлттық Банк басқармасының жаңа инвесторға (инвесторларға) акцияларды сату туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді. Ұлттық Банктің атынан келіссөз жүргізуге және аталған шартқа қол қоюға Ұлттық Банк төрағасының немесе оның орынбасарларының құқы бар, шарт Ұлттық Банк үшін қазақ және орыс тілдерінде З данадан (Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясына жіберілуге тиіс) және әрбір инвестор үшін бір дана етіп жасалады.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
1997.12.31. N 485 V970660 қаулысымен .**

16. Көрсетілген жағдайларға сәйкес мәжбүрлеп сатып алуға, кейіннен жаңа

инвесторларға сатуға жататын банк акцияларымен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру процедурасы, акционерлердің тізбесіне тиісті өзгерістер енгізу, акцияларды сатудың мерзімі мен түрін анықтау, банк акцияларының эмиссиясын ресімдей және ақпараттарды мұдделі адамдарға жеткізу тәртібі осы Ережеде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі

17. Банк акцияларын мәжбүрлер сатып алу және оларды жаңа инвесторға (инвесторларға) сату туралы Ұлттық Банктің шешімі Ұлттық Банктің басқармасында қабылданады және онда осы мәселелердің Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісілгені туралы мәліметтер көрсетіле отырып, қаулы түрінде ресімделеді.

18. Ұлттық Банк Басқармасының банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы қаулысы осы шешім қабылданған күннен бастап, басқармадан басқа, банктің барлық органдарының қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

Бұл орайда Ұлттық Банк пен банктің бұрынғы акционерлері арасында акцияларды мәжбүрлеп сатып алу мәселесі жөніндегі шарт немесе қандай да бір басқа құжаттар ресімделмейді, өйткені мұндай мәміле мемлекет мұддесін қамтамасыз ету үшін жасалады және мәжбүрлеп сатып алу туралы Ұлттық Банктің көрсетілген шешімінде негізінде жасалған деп танылады.

19. Ұлттық Банктің Басқармасында бекітілген банк акцияларын сатып алу-сату туралы шарт банктің жаңа қатысуышыларының банктің құрылтай құжаттарына тиісті өзгертулер мен оның мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер енгізуі үшін негіз болып табылады.

20. Ұлттық Банктің банк акцияларын жаңа инвесторға (инвесторларға) сату туралы қаулысында Ұлттық Банктің банк акцияларын сатып алу-сату жөнінде инвестормен жасасқан шартының бекітілгені және күшіне енгені туралы мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Банктің акцияларын сатып алу-сату жөнінде бекітілген шартты Ұлттық Банк банктің мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы жазбаларды нақтылау және банк акцияларын иелену құқығын есепке алу бойынша белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізуі үшін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

21. Банктің жаңа қатысуышысы (қатысуышылары) олардың банктің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізген мемлекеттік тіркелген күннен бастап өз өкілеттігіне кірісті деп танылады.

22. Жоғарыда көрсетілген процедуралар аяқталғаннан кейін Ұлттық банктің ұсынысымен тізілімді реттеуші банк акционерлерінің тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді.

23. Банк акцияларының барлық бұрынғы иелері үшін Ұлттық банктегі арнайы шот ашылары, оған мәжбүрлеп сатып алынған банк акциялары құны сомасына ақша түседі. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

24. Ұлттық Банкке акциялар тапсырған кезде бұрынғы иелерінің кез келгені жоғарыда көрсетілген арнайы шоттан мәжбүрлеп сатып алынған акциялардың жалпы көлеміндегі акциялардан өз үлесіне теңбе-тең сомада ақша алуға құқылы. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

25. Міндеттемелер бойынша акциялардың бұрынғы иесіне қатысты, осы акциялармен қамтамасыз етілген үшінші тұлға банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданғаннан кейін, акциялардың бұрынғы иесіне тиісті ақшадан өз талаптарын қанағаттандыруға құқы бар.<\*>

Банкке талаптар қойылуы мүмкін бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі жеткенімен бірақ банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданғанға дейін қойылмаған жағдайда, мұндай талаптардың жеке және занды тұлғалардың депозиттері бойынша талаптардан басқасы өтелген болып саналады. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгертілді, екінші азатжолмен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

26. Банк акцияларын сатып алған инвестор (инвесторлар) банк акционерлерінің (қатысуышыларының) жалпы жиналысын шақыра отырып, банктің байқау кеңесін, басқармасы мен тексеру комиссиясын сайлаумен қоса, қолданылып жүрген заң талаптарына сәйкес кідіріссіз банктің басқару органының құрұға міндетті .

27. Ұлттық Банк мемлекет уәкілдік берілген орган ретінде банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды сату процедурасын банк акцияларына менишік құқығының өтуін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланады, қандай жағдайда болмасын банк міндеттемелері мен аталған құқықтардың соңғы сатып алушысы (иеленушісі) не оның қатысуышысы болып табылмайды.

Банктің немесе оның қатысуышының олардың бар міндеттемелері бойынша не банк қызметінің кемшіліктерінен туындастын кез келген болуы мүмкін жауапкершілігі Ұлттық банктің осы Ережеде көрсетілген мемлекеттік қызметі мен өкілдігін орындау фактісімен себепті байланыс бола алмайды.

Бұл орайда Ұлттық Банк банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды сату туралы шешім қабылдағанға дейін де, қабылдағаннан кейін де банктің қатысуышы болып табылмайды немесе есептелмейді.

28. Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды сату туралы жасалған шешім жөнінде Ұлттық банк 5 күн мерзім ішінде бұрынғы барлық қатысушыларды (акционерлерді) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

29. Ұлттық Банктің банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды сату бойынша іс-шаралар өткізуге байланысты, оған тиісті салық төлемдері мен осы мәміленің басқа да болуы мүмкін құқықтық салдарын қоса, барлық қаржы шығындары банктің жаңа инвесторы (инвесторлары) есебінен жүргізіледі.

**IV. Ұлттық Банктің банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алған кездегі банкті басқаруды ұйымдастыру,  
Банк құжаттарын жаңа иесіне (инвесторға) беру.  
Банк қызметіне бақылау жасаудың тәртібі**

30. Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату туралы шешімді Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті банкке кешіктірмей мәлімдейді. Банктің қызмет істеп тұрған басшылығы Ұлттық Банк Басқармасының осы мәселе бойынша қаулысымен қол қоя отырып танысулары тиіс.

31. Банктің бұрынғы басшы құрамы банктің қалыпты қызмет істеуін қамтамасыз етуге және банктің барлық құжаттарын, материалдары мен мүлкін жаңадан құрылған инвесторға, Басқармаға белгіленген тәртіппен Ұлттық банктің өкілдерін қатыстыра отырып кідіріссіз беруге міндетті.

Банктің бұрынғы қатысушыларынан құрылған Басқармасы жаңа инвестордан (инвесторлардан) құрылған банктің тиісті уәкілетті органына өз міндеттерін бергенге дейін банктің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

32. Ұлттық Банкке есеп жүргізу мен сақтау үшін алғашқыда келіп түскен инвесторлардың ақшасы қажетті құжаттары ресімделе отырып банктің корреспонденттік шотына аударылуы тиіс.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.31. N 485 V970660\_ қаулысымен .**

33. Банк қызметін бақылау мен қадағалауды оның қатысушыларының жаңа құрамымен Ұлттық Банк жалпы тәртіппен банк жұмысындағы болуы мүмкін айрықша жағдайларды, банк акцияларын сатып алу-сату туралы сияқты шарттың болуы ескере отырып жүзеге асырады.

34. Егер инвестор ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе басқа мемлекеттердің үкіметтері немесе халықаралық ұйымдар қатысса, 10-14 тармақтарда көзделген талаптар Ұлттық Банктің ұйғарымы бойынша қолданылады.

Y L T T Y I K              B A H K

*Tərafasы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖКРМК